

Шалқаров Д.Б.

Түркі әлемінің ханафийа-матуридийа діни дәстүрін қалыптастырушы ас-Сығнақи еңбектерінің әлем кітапханаларындағы қолжазба нұсқалары

Shalkarov D.B.

Manuscripts of the developer of the hanafia-maturidia religious tradition of the Turkic World in the World libraries

Шалқаров Д.Б.

Рукописи основателя ханафитской религиозной традиции матуридизма тюркского мира в мировых библиотеках

Мақалада Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ал-Кафи фи шарх усул ал-фиқһ ли 'Али ибн Мухаммад ал-Баздави», «ан-Наджх фи ат-тасриф фи 'илм ас-сарф» атты еңбектерінің әлем кітапханаларында сақталғандығы мен оның діни тәлім алған ұстаздары Хафиз ад-дин ал-Кабир Мухаммад ибн Наср, Фахр ад-дин ал-Маймарғи Мухаммад ибн Мухаммад ибн Илйас туралы деректер талқыланады.

Түйін сөздер: Фахр ал-ислам Абу-л-Йуср ал-Баздауи, биографиялық сөздіктер, Орталық Азия, матуридийа теологиялық мектебі, Хусам ад-дин ас-Сығнақи, салыстырмалы талдау.

The article considers keeping of the works of Husam al-din al-Syghnaqi «al-Kafi fi sharh usul al-fiqh li 'Ali ibn Muhammad al-Bazdavi», «al-Nadzhah fi al-Tasrif fi 'ilm al-Sarf», in the World libraries and his teachers. Hafiz al-din al-Kabir Muhammad ibn Nasr, Fahr al-din al-Maimargi Muhammad ibn Muhammad ibn Iliyas.

Key words: Fahr al-Islam al-Bazdavi, biographical dictionaries, Central Asia, maturidia theological schools, Husam al-din al-Syghnaqi, comparative analysis.

В статье рассматривается хранение трудов Хусам ад-дина ас-Сыгнаки «ал-Кафи фи шарх усул ал-Фикх ли Али ибн Мухаммад ал-Баздави», «ан-Наджх фи ат-Тасриф фи илм ас-сарф», учителя Хафиз ад-дин ал-Кабир Мухаммад ибн Наср, Фахр ад-дин ал-Маймарғи Мухаммад ибн Мухаммад ибн Ильяс.

Ключевые слова: Фахр ал-Ислам Абу ал-Йуср ал-Баздави, биографические словари, Центральная Азия, матуридитские теологические школы, Хусам ад-дин ас-Сыгнаки, сопоставительный анализ.

**ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
 ХАНАФИЙА-
 МАТУРИДИЙА ДІНИ
 ДӘСТҮРІН
 ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ
 АС-СЫҒНАҚИ
 ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘЛЕМ
 КІТАПХАНАЛАРЫНДА-
 Ы ҚОЛЖАЗБА
 НҰСҚАЛАРЫ**

Хусам ад-дин ас-Сығнақи (XIV ғ.) еңбектерінің жазу стильдері шығыстық ислам ғалымдардың стильдеріне ұқсаған. Сол кезендерде мұсылман ғалымдары еңбектерінде әлем жаратушысы Аллаһ тағалаға шүкірлер мен мадақтаулар айтылып, пайғамбарларға салауаттар жасалып басталған. Яғни бұл әдіс мұсылмандық дәстүрдің негізі әрі еңбектің құрамдас бөлігі болып саналған. Автор «ал-Хидая» мен «ат-Тамхид» еңбектерінде де таухид ілімі шарият ғылымдарының (соның ішінде тафсир, таъвил) ішіндегі негізгі өзегі, әрі осы ғылымға сүйене отырып шарият заңдылықтарының тұспалды тұстарын шешуіне көмекші ілім екеніне тоқталады. Пайғамбар дәуірінен жалғасын тапқан ислами-ғылыми дәстүрді ескере отырып, Хусам ад-дин ас-Сығнақи өзінің рухани ұстазы Абу ал-Му‘ин ан-Насафидің «ат-Тамхид» атты еңбегін ислам қоғамында соның ішінде ханафиттік бағыттағы дәстүрлі исламның аймақтағы басымдығын көрсете отырып, ұстазының еңбегіне түсіндірме жазуды таңдап алғанын көрсетеді.

Өйткені ұстазының «ат-Тамхид» атты еңбегі Орта Азия мен басқа да ислам әлемінде жетекші әрі дәрежесі жоғары, сөздері анық классикалық еңбек екенін дәлелдеп кетеді. Автор «ат-Тасдид» еңбегінің 2-бетінде ислам әлеміндегі ахл ас-сунна ва ал-джамаа бағытының негізгі, атақты ғұламалардың есімдерін атайды. Сол ғасырға дейінгі қалам, тафсир, хадис сынды шарият ғалымдарының ұстанымдары мен пікірлеріне сүйене отырып, «ат-Тасдид» еңбегін жаза бастағанын білдіреді. Ғұламаның бұдан басқа да еңбектерінің әлем кітапханасында орын алғандығын көре аламыз.

1.1. Хусам ад-дин ас-Сығнақидің келесі еңбегі «ал-Кафи фи шарх усул ал-фиqh ли ‘Али ибн Мухаммад ал-Баздави» – деп аталады. Ғұлама Фахр ал-Ислам ‘Али ибн Мухаммад ал-Баздавидің «Усул ал-фиqh» еңбегіне шарх жазды. Бұл еңбектің нұсқасы Хаджи Халифаның «Кашф аз-Зунун ‘ан асами ал-Кутуб ва ал-фунун» авторы еңбегінің I томында 112 реттік санмен Хусам ад-дин ас-Сығнақи есімі мен оның «ал-Кафи фи шарх усул ал-фиqh ли ‘Али ибн Мухаммад ал-Баздави» еңбегінің реттілігі көрсетіледі.

1.2. Мухи ад-дин Аби Мухаммад ‘Абд ал-Қадир ибн Мухаммад ибн Мухаммад ибн Насраллаһ ибн Салим ибн Аби-л-

Вафа' ал-Кураши ал-Ханафидің «Ал-Джавахир ал-мудийа фи табақат ал ханафийа» – атты еңбекте кездестіруге болады. Ал-Кураши еңбегінің I бөлімінің 338 реттік санында (немесе II бөлімінің 114 реттік санында, IV бөлімінің 73 реттік сандарында) ас-Сығнақи туралы мәліметтер беріледі. Кейбір деректер бойынша Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ал-Кафи фи шарх усул ал-фикһ» еңбегіне түсіндірмесі Фахр ал-ислам Абу-л-Йуср ал-Паздауи, ол Абу-л-Хасан 'Али ибн Мухаммад ибн ал-Хусайннен алады» – дейді. Хусам ад-дин ас-Сығнақи Бағдатқа келіп, Машхадта сабақ беріп, қажылықтан кейін 1311 жылы Дамаскке оралады. Нәтижеде ол шамамен 710\1310-1311 жылдары дүниеден өтеді [1, 119 б.].

1.3. Хусам ад-дин ас-Сығнақи туралы Ибн Қутлубуғаның «Тадж ат-тараджим» шығармасының 11-бетінде 18, № 63 нөмірде «ал-Хусайн ибн 'Али ибн ал-Хадждадж ибн 'Али Хусам ад-дин ас-Сығнақи «ал-Кафи шарх ал-Баздави» еңбегінің авторы. Ол 1311 жылы Дамаскке келді» – деп аталады.

1.4. 'Ала ад-дин 'Али Челеби Имруллаһ Қинали-заданың «ал-Мухтасар» еңбегінде Хусам ад-дин ас-Сығнақи туралы мәліметтер айтылып, 119 реттік санында ғұламаның есімі «Хусам ад-дин ас-Сығнақи-Хусайн ибн 'Али ибн Хадждадж ибн 'Али, ал-имам, ал-фақиһ» – деген мәтінді оқи аламыз. Абу-л-Йуср ал-Баздавиден риуаят жолымен келген «ал-Кафи фи шарх усул ал-фикһ» – атты еңбекті де атап көрсетеді.

1.5. Махмуд ибн Сулайман ал-Кафавидің «Қата'иб ал-Кафави» – атты еңбегінде Хусам ад-дин ас-Сығнақи хақында мәліметтер келтіріледі. Оның есімі 296 б 14-катиб ретінде Хусам ад-дин ас-Сығнақи шығармаларының бірі – «Китаб ал-Кафи фи шарх усул ал-фикһ ли фахр ал-ислам Аби-л-Йуср ал-Паздауи» – деген атаумен келеді. Хусам ад-дин ас-Сығнақи ілімінен ал-имам Қивам ад-дин Мухаммад ибн Мухаммад ибн Ахмад ал-Кааки әсерленді. Ал-Кааки аш-шайх Акмал ад-дин, Насир ад-дин Мухаммад ал-Баззази ұстазы ас-Саййид ал-имам Джалал ад-дин (ибн) Шамс ад-дин ал-Хорезми ал-Гурлани атақты «ал-Фатава ал-баззазийа» шығармасының авторы Мухаммад ибн Мухаммад ал-Кардари ал-Баззазилер сусындады [2, 159 б.].

1.6. «низам ал-'улама'» еңбегінің авторы Хасан ибн Гурхан ибн Давуд аз-Зибби ал-Ақхисари биографиялық сөздігінде 20-нөмірде «ал-имам Хусам ад-дин ал-Хусайн ибн 'Али ибн Хадждадж ибн 'Али ас-Сығнақи, ол Абу-л-Йуср ал-Паздауидің «Китаб ал-кафи фи шарх усул ал-фикһ» шығармаларына шархтар жазады. Хусам

ад-дин ас-Сығнақиден фикһ ілімін ал-имам Қивам ад-дин ал-Кааки үйренеді» – делінеді.

1.7. «Ат-Табақат ас-санийа» – атты еңбегінің авторы Таки ад-дин ибн 'Абд ал-Қадир ат-Тамими ад-Дари ал-Ғаззи ал-Мысри еңбегінің III томы 150 нөмірінде сақталған еңбекте «ол «ал-Кафи шарх ал-Баздави» еңбегінің авторы» – деп жазады.

1.8. А. Ғұламаның «ан-Наджах фи-т-тасриф / фи 'илм ас-сарф» еңбегінің есімі Хаджи Халифаның «Кашф аз-зунун 'ан асами ал-кутуб ва-л-фунун» – атты еңбегінің II томында №1929 реттік сандарында кездеседі.

1.9. Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ал-Мувассал шарх ал-муфассал фи 'илм ан-нахв» еңбегі, грамматика саласында жазылған Джаруллаһ Аби-л-Қасим Махмуд ибн 'Умар аз-Земахшари ал-Хваразмидің (қ.ж. 588 ж.) хиджра жыл санауы бойынша 513 жылы жазылған «ал-Муфассал фи 'илм ан-нахв» – атты еңбегіне шархы болып табылады. «Ал-Муфассал фи 'илм ан-нахв» – атты еңбекке жазылған шархтардың саны көп, соның ішінде Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ал-Мувассал шарх ал-муфассал фи 'илм ан-нахв» – атты шархы ислам қоғамында қомақты орын алады. Ғұламаның «ал-Мувассал шарх ал-муфассал фи 'илм ан-нахв» еңбегін Хаджи Халифаның «Кашф аз-Зунун 'ан асами ал-Кутуб ва ал-фунун» еңбегінің II томында №1775/1774 реттік сандарында кездестіруге болады [3, 117 б.].

1.10. Ғұламаның келесі бір еңбегі «ал-Вақи'ат» Ибн 'Абидиннің «Хашият» еңбегінде 444/8 нөмірінде сақтаулы. Бұл еңбекті Хусам ад-дин ас-Сығнақи қай ислам ғалымының еңбегінен әсерленгені белгісіз. Алайда еңбектің атауына сай ислам дінінің маңызды мәселелерін қамтыған еңбек болып табылады.

1.11. Хусам ад-дин ал-Хусайн ибн 'Али ибн Хадждадж ибн 'Али ас-Сығнақидің тағы бір еңбегі Абу-л-Му'ин Маймун ибн Мухаммад ан-Насафи ал-Макхули ал-Ханафидің «ат-Тамхид ли қава'ид таухид» еңбегіне жазған шархы. Бұл шархты ас-Сығнақи «ат-Тасдид фи шарх ат-тамхид» – деп атаған. Ойшыл Хусам ад-дин ас-Сығнақи 1311 жылы Халабта Ибн ал-'Адим атымен белгілі қаді'у-л-қудат Насир ад-дин Мухаммад ибн Джамал ад-дин 'Умарға иджаза (риуаят етуге рұқсат беру) береді.

Осылайша Орталық Азияда өмір сүрген ғұламалардың діни трактаттары өзара өзектесіп жатты. Сондай-ақ Абу-л-Му'ин ан-Насафидің шығармасы «ат-Тамхид фи усул ад-дин»-ге түсіндірме жазып, фикһ ілімін ал-имам Хафиз ад-дин Мухаммад ибн Мухаммад ибн Наср мен

ал-имам Фахр ад-дин Мухаммад ибн Мухаммад ал-Маймарғилерден үйренді. Ал-Хусайн ибн ‘Али ибн ал-Хадждадж ибн ‘Али ал-Имам, Хусам ад-дин ас-Сығнақи лақабымен ал-имам ал-фақиһ атымен мұсылман әлеміне танымал болды.

Сонымен қатар ас-Сығнақидің «ат-Тасдид» атты еңбегінің әлем кітапханаларындағы нұсқалары төмендегідей сақталған. Олар:

1. Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «Ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид» еңбегінің Сағуллаһ бөлімі Demirbaş – 1207 нұсқасы. Yayın tarihi-740. Basım bilgileri – Hasan b. Aziz Sencer. Жазба түрі – Насих.

Түркия Республикасының Сулаймания Сағуллаһ кітапханасындағы 5-бөлім 1207 нөмірімен сақталған Хусам ад-дин ас-Сығнақидің еңбегінің сыртқы бетінде «Китаб ат-тасдид фи шарх ат-тамхид мин ылым ал-калам ыала усул ал-ашаыра мин ахл ас-сунна вал-джамаа» деп жазылған. Осы беттің жоғарғы жағында аталмыш еңбектің Джаруллаһ Ефенди кітапханасына түспестен бұрын бірінші Умму Гүлсім, Ас‘адбек деген кісілердің қолында болғандығы жазылады. Ал 1-бетінде еңбектің мазмұны жазылған [4, 1 п.].

2. Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «Ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид» еңбегінің Amca Zade Hüseyin-309 нұсқасы.

Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид» атты қолжазбасы Süleymaniye kütüphanesi Amca Zade Hüseyin 309 нөмірімен сақталған. Бұл қолжазбаны Шамшәдин Керім өзінің «Сығанақ саңлағы» атты еңбегінде автордың өзінің жазған қолжазбасы болып саналады. Бұл туралы қолжазбаның осы түпнұсқасын Сулаймания кітапханасындағы 309 нөмірмен сақталған деп жазады. Алайда бұл мәселе нақтылық пен ғылыми зерттеуді қажет етеді. Еңбектің мұқабасының жоғары жағында еңбек аты «Тасдид фи шарх ат-Тамхид» деп жазылса, мұқабаның ортасында «Тасдид шарх Тамхид фи ‘илм ал-калам» деп жазылған. Осы беттің оң жағында араб тілінде төменнен жоғары қарай үш қатар араб тілінде мәтін жазылған. Алайда бұл жазулар анық емес, жақсы сақталмаған. Еңбектің мұқабасы қызғылт және аспан көк түсте және алты дөңгелек өрнектермен қапталған. Қолжазбаның 1-ші бетінде үш мөр қара сиямен басылған. Ал бір мөр болса көк сиямен кейінірек басылған. Аталмыш төрт мөрдің үстінгі жағында Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ат-Тасдид» атты еңбегін Мухаммад ар-Рафақидің көшіріп жазғандығы жазылған. Бұдан соң еңбектің осы нұсқасына Мухаммад ал-Джамал ал-Қадири иемденгендігі жазылған. Мухаммад ал-Джамал ал-Қадири Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ат-Тасдид» еңбегі-

нің осы нұсқасын хиджра жыл санауы бойынша 1023 (шамамен 1645 жыл) жылы сатып алынғандығы туралы жазылады [5, 3 п.].

Бұдан кейін атақты уәзір Мухаммад Пашаның інісі уәзір Хусайн Паша ибн Хасан Аға Шам еліндегі Алеппо аймағының уәзірі болып жүрген кезде Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «ат-Тасдид» атты еңбегінің осы нұсқасына хиджра жыл санауы бойынша 1090 (шамамен 1712 жыл) жылы иемденгендігі жазылған. Бұл мәліметтер қолжазбаның бірінші бетіндегі төрт мөрдің ең үлкен мөрінде жазылған. Дәл осы мөрдің астыңғы жағында араб әріптерімен қол қойылған. Қолжазбаның қара сиямен басылған кішкене екі мөрінде осы кітапты көшіріп жазған автордың аты жөні жазылған.

Қолжазбаның мұқабасының сол жағының төменгі жағында көк сиямен төртбұрышты кітапхана мөрі басылған. Бұл мөрде түрік тілінде кейінірек «Süleymaniye kütüphanesi Amca Zade Hüseyin-309» деп көк сиямен жазылған. Қолжазбаның 1/А беті «бисмилла»-мен басталып, әдеттегідей Хусам ад-дин ас-Сығнақи өз ұстаздары мен өзінен алдыңғы өмір сүрген 10-12 ғасырлар арасындағы ислам ғұламаларының ханафиттік бағыттағы тұлғаларының тізіміне тоқталып өтіп, аталмыш еңбектің өзінің рухани ұстазы Абу ал-Му‘ин ан-Насафидің «ат-Тамхид ли қава‘ид ат-Таухид» атты еңбегінің түсіндірмесі «ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид ли қава‘ид ат-Таухид» деп аталатындығына да тоқталып өтеді. Қолжазбаның әрбір бетінде 19-20 қатар сөйлемдер жазылған. Кейбір әріптердің соңғы графикалары өшіп кеткен, негізгі мәтіннің жан-жағына үш-төрт сөйлемді қамтитын ұсақ мәтіндер (мухаммашаттар) жазылған. Бұл мәтіндер каламдық терминдер мен кейбір сөздердің этимологиялық және терминдік мәндерін түсіндіруге арналған. Кейбір сөздердің үстінгі жақтарында қызыл сиямен жазылған сөздер де кездеседі.

Хусам ад-дин ас-Сығнақидің бұл қолжазба нұсқасы өзгелеріне қарағанда тоза бастаған. Кейбір беттерінде екі парақтың қосылған жерлері түптеу кезеңінде кітапхана қызметкерлері тарапынан тігілгендіктен дұрыс көрінбейтін әріптер де баршылық. Қолжазбадағы фасл/бөлім атаулары өзге нұсқалардағыдай қызыл сиямен емес, қою қара сиямен белгіленген. Бет нумерациялары арабша цифрлармен жазылған, бұдан кейін кітапхана қызметшілерімен дәстүрлі нумерациялар қойылған. Негізгі мәтіндегі арабша жазулардың үстіне харақаттар қойылған. Бұл харақатты қою әдісі араб емес мұсылман қауымына түсінікті болу үшін қойылуы ықтимал. Сонымен

қатар автор қолжазбаның кейбір фаслдарының атаулары астына қызыл сиямен белгілеп жазған. Автор мәтінді жазуда кейбір жерлерінде қателесіп жазылған жерлерін сызып тастап, қайта жазған. Мәтіннің кейбір жерлерінде бір-екі сөз алынып тастап, мухаммашат жағына сол сөздерді қайта жазған. Қолжазбаның 124-беттерінен бастап автор қолжазбаның негізгі мәтінінде харакат қою стилін азайта бастаған. Көптеген әріптердің спецификалық нүктелері қойылмаған [5, 168 п.].

Қолжазбаның соңғы бетінде екі мөр басылған. Еңбек коллофонында көк түсті кітапхана мөрі басылды, оның астында Хусайн Пашаның мөрі қара сиямен басылған. Осы қолжазбаның соңында Алланың нәсіп етіп берген айларының бірі мухаррам айының 22-ші жұлдызы, бейсенбі хиджра жыл санауы бойынша 706 жылы имла

жазылды деп беріледі. Қолжазбаның соңғы осы бетінде негізгі мәтінмен қатар көлденеңінен, тігінен және теріс бағыттарда оншақты сөйлемді құрайтын, бірнеше қатар мухаммашаттар (қосымша ақпараттар мен түсіндірмелер) берілген. Қолжазба 175 парақтан тұрады, соңғы 175-ші парақтың нөмірі қойылмаған.

Мақаламызды қорыта келе автордың ортағасыр кезеңінде жазған еңбектері сол кезеңдегі қоғамда белең алған мәселелердің шешімін тапқан. Сол кезеңдегі ортағасырлық діни ұстаным мен түркілер арасындағы ментальдық ерекшеліктердің қайнаркөздердің негізіне сүйенген бұл автордың еңбектері аймақ үшін өте маңызды болды. Сол секілді қазіргі таңда да түркі халықтарының арасында бұл автордың еңбектерінің рухани мәдениетте ерекше орын алатындығы белгілі.

Әдебиеттер

- 1 Хусам ад-дин Хусайн ибн ‘Али ибн ал-Хаджджадж ас-Сығнақи. ал-Кафи шарх ал-Баздави. Тахқиқ Фахр ад-дин Саййид Мухаммад Қанит. Т. I – V. – Эр-Рияд: Мактабат ар-рушд, 2001. – 2596 с.
- 2 Муминов А.К. История Казахстана в арабских источниках. Т. III. – Алматы: Дайк-пресс, 2006. – 265с.
- 3 Хаджи Халифа. «Кашф аз-Зунун ‘ан асами ал-Кутуб ва ал-фунун». Каир 1967. – 456 б.
- 4 Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «Ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид» еңбегінің Amca Zade Hüseyin-309 нұсқасы. Сулаймания кітапханасы.
- 5 Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «Ат-Тасдид фи шарх ат-Тамхид» еңбегінің Carullah бөлімі Demirbaş - 1207 нұсқасы. Сулаймания кітапханасы.

References

- 1 Husam ad-din Husajn ibn ‘Ali ibn al-Hadzhhadzh as-Sygnaki. al-Kafi sharh al-Bazdavi. Tahqiq Fahr ad-din Sajjid Muhammad Kanit. T. I – V. – Jer-Rijad: Maktabat ar-rushd, 2001. – 2596 s.
- 2 Muminov A.K. Istorija Kazahstana v arabских istochnikah. T. III. – Almaty: Dajk-press, 2006. – 265s.
- 3 Hadzhi Halifa. «Kashf az-Zunun ‘an asami al-Kutub va al-funun». Kair 1967. – 456 b.
- 4 Husam ad-din as-Sygnakiđiң «At-Tasdid fi sharh at-Tamhid» еңбегінің Amca Zade Hüseyin-309 нұсқасы. Sulajmanija kitaphanasy.
- 5 Husam ad-din as-Sygnakiđiң «At-Tasdid fi sharh at-Tamhid» еңбегінің Carullah bөлімі Demirbaş - 1207 нұсқасы. Sulajmanija kitaphanasy.